

14 сәуір,
Сейсенбі,
2020 жыл

uil-gazet@mail.ru

Газет 1930
жылдың
қараша айынан
бастап шығады.

Ойыл

ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ РЕЖИМИ СӘУІРДІҢ СОҢЫНА ДЕЙІН ҰЗАРТЫЛДЫ

БҮЛ ТУРАЛЫ МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ 10 СӘУІР КҮНІ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ РЕЖИМІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖӨНІНДЕГІ МЕМЛЕКЕТТІК КОМИССИЯНЫҢ ОТЫРЫСЫНДА МӘЛІМДЕДІ.



Құрметті комиссия мүшелері және жиынаға қатысушылар!

Бүгін Төтенше жағдай режимін қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік комиссияның кезекті отырысына жиналып отырмыз.

Біз коронавирустың таралуын барынша бәсеңдету үшін қажетті шараларды дер кезінде қабылдадық.

Мен 15 наурызда алғашқы науқастар белгілі болған сәттен бастап төтенше жағдай жарияладым.

Бірден екі ірі қаламызда карантин режимі енгізілді.

Шын мәнінде, қазір – бүкіл өлем жұртшылығы үшін сын-қатерге толы уақыт.

Осындай күрделі кезеңде Елбасымыз арнайы мақала жариялады. Бұл – халқымыздың еңсесін көтеретін өте мазмұнды, маңызды үндеу.

Береке-бірліктің арқасында Қазақстан бұл індетті артқа тастап, зор сеніммен алға басатыны айқын.

Бүгінде біз уақытында жүзеге асқан шұғыл шаралардың арқасында індеттің кең таралуына жол бермедік.

Мұны халықаралық қоғамдастық оң бағалап отыр.

Тұрғындарға және бизнеске қолдау көрсету мақсатында дағдарысқа қарсы нақты шаралар қабылдадық.

Азаматтарымызға көмектесу үшін бұрын-соңды болмаған көлемде қыруар қаржы бөлінді.

Көптеген мемлекеттер халқына осындай қолдау көрсете алған жоқ.

Үкімет сол қаражаттың сапалы әрі мақсатқа сай жұмсалуды қадағалауы тиіс.

Төтенше жағдай кезіндегі ең маңызды міндеттердің бірі – азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

Сондықтан әлеуметтік маңызы бар азық-түліктің шекті бағасы белгіленді.

Қазір көктемгі егіс науқаны басталды. Бұл – өте маңызды жұмыс. Сондықтан, Үкімет және өкімдіктер осы жұмысты ерекше

назарда ұстауы қажет.

Құрметті өріптестер!

Коронавирус пандемиясының зардабын бүкіл дүние жүзі тартып отыр. Бұл індет біздің еліміздің экономикасына да теріс ықпалын тигізуде. Сондықтан, қазіргі таңда осы дағдарысқа қарсы нақты шаралар қабылдап отырмыз.

Жалпы, бүкіл өлем коронавирусқа қарсы күн сайын емес, сағат сайын күрес жүргізіп жатыр. Әлем жұртшылығы айтып отырғандай, бұл дағдарыс – Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін болып тұрған ең ауқымды және аса қауіпті алапат.

Мен өз сөзімде айтып өттім. Біз карантин шараларының арқасында вирустың жаппай таралуын бәсеңдеттік.

Тұтастай алғанда, жағдай бақылауда.

Елорда мен Алматыдағы қазіргі жағдай тұрақты.

Бірақ, Қарағанды, Ақмола, Қызылорда, Түркістан, Жамбыл облыстарында ауруға шалдыққандардың саны күрт өсіп кетті.

Бұл атқарылған жұмыстардың жеткіліксіздігін және қосымша шаралар қабылдау қажет екенін көрсетеді. Оңтүстік – халық тығыз орналасқан өңір. Сондықтан, індеттің таралуын тоқтатпасақ, жағдайды ушықтырып аламыз.

Оған қоса, көктемгі егіс науқаны басталды. «Жұмыспен қамту жол картасы» бойынша бірқатар жобалар қолға алынады. Осындай уақытта елдегі эпидемиологиялық ахуалға айрықша назар аударуымыз керек. Бұл – аса маңызды міндет.

Мемлекеттік комиссия аймақтардағы карантин шараларының орындалуын қатаң бақылауға алуға тиіс.

Бұл ретте, полиция мен мемлекеттік органдардың іс-қимылдары тек қатаң шаралар түрінде емес, орынды әрі ақылға қонымды болуы қажет. Жөнсіз әрекеттерге жол берілмеуі тиіс.

На время карантина мы требуем

от граждан находиться дома. Понижая, изоляция дается нелегко, такого в нашей жизни не было. Но это необходимая мера, другого пути, к сожалению, не существует.

Еще раз хотел бы отметить героический труд врачей, всех медицинских работников. Они в буквальном смысле находятся на передовой. Мы должны оказывать им всестороннюю поддержку.

Во-первых, все медики, которым положены дополнительные выплаты на время чрезвычайного положения, должны вовремя получить соответствующие надбавки.

Первые выплаты начались. Вместе с выплатами сразу же начались вопросы и жалобы, в том числе и в мой адрес, касательно начисленных сумм, получателей и так далее.

Госкомиссия должна обеспечить жесткий контроль и прозрачность доведения данных средств до получателей в кратчайшие сроки.

Мы помогли тем медработникам, которые непосредственно взаимодействуют с больными коронавирусом. Их около 30 тысяч.

В то же время местные власти не должны самоустраняться от решения вопросов других категорий медработников.

Считаю, что и регионы, исходя из собственного видения и возможностей, должны материально поддерживать врачей и медсестер.

Екіншіден, медицина қызметкерлерінің індетті жұқтырып жатқаны алаңдатып отыр.

Ауруға шалдыққан бес адамның біреуі – медицина қызметкері.

Бұған жеке қорғаныс құралдарының жетіспеушілігі және қауіпсіздік шараларының сақталмауы себеп болуда.

Дәрігерлеріміз онсыз да жетпей жатқанда, бұған мүлдем жол беруге болмайды.

Науқастарды емдейтін медицина қызметкерлерінің еңбек жағдайын ерекше бақылауға алу керек.

БҮЛ ІНДЕТТІ БІРЛЕССЕК ЖЕҢЕМІЗ!

Қазақ елі Тәуелсіздік жылдар ішінде Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаевтың сарабал саясатының арқасында ғасырларға тең жолдан өттік. Көреген көшбасшымыздың мемлекет мүддесі үшін жасаған қадамдарының нәтижесінде кемел келешекке кедергісіз қанат қағып келеміз. Ал, қазіргідей өлемнің алпұыт елдері қауіпті індеттен шығудың жолын іздеген қиын қыстау уақытта да тұтастай ұлттың тағдырына алаңдаған Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаев індетпен күресу кезеңінде барша қазақстандықтарды бірлесуге шақырып, «Бірлесе білген ел бәрін жеңеді» атты мәлімдемесін жариялады.

Халық үрейленіп отырған шақта, Тұңғыш Президентіміз сөзінің алдын аға ұрпақ пен зиялы қауым өкілдеріне арнап, ынтымаққа шақырып, жақсылыққа, ізгі амалдар жасауға, саламатты өмір салтын ұстануға үндеуге шақырды. Қазақстан қауіпті дерттің алдын алуға өлем елдерінің ең алғашқыларының бірі болып өрекет етті. Біздер «Бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып» ауызбіршілік танытудамыз.

Мемлекет тарапынан төтенше жағдай кезеңінде жергілікті бюджет қаражаты есебінен мүмкіндігі шектеулі жандарға, мүгедек баланың күтімімен айналысатын ата-анаға, әлеуметтік мәні бар аурулармен ауыратын амбулаториялық ем алушы науқастарға көмек көрсету қарастырылған. Әлемдегі болып жатқан оқиғаға байланысты Ойыл ауданының халқы «Nur Otan» партиясының «Біз біргеміз» республикалық акциясына ұйымшылдықпен атсалысып аз қамтылған, көп балалы отбасыларға, ерекше қажеттіліктері бар адамдарға өз қаражаттары есебінен демеп, қолдау көрсетуде.

Сәкен ЗАЙМОЛДИН,
«Nur Otan» партиясы

Ойыл аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары.

Көктемгі егіс

ЖЕРДЕГІ ЫЛҒАЛ - КӨҢІЛГЕ ДЕМЕУ



«Көктемнің әр күні – жылға азық» - деген даналықтың біздің өңір үшін де маңызы зор. Әрине, бұрынғыдай атшаптырым егіс алқабы жоқ. Өйткені, бірнеше жыл қатарынан соққан қуаңшылық шаруалардың бетін қайырып, «тауын шағып тастады».

Дегенмен, «Үмітсіз шайтан ғана» - деген қағидаға сүйенсек, шаруашылықтардың аймақтың табиғатына қолайлы, қуаңшылыққа төзімді тары егуге ұмтылысы қолдауға тұрарлық.

Өткен жексенбі күні аудан өкімі Асқар Қазыбаев түрентін сайлап, ауайының қолайлы күндерін пайдалануға тырысып, көктемгі далалық жұмыстарға кірісіп кеткен шаруашылықтардың жұмысымен танысты. Яғни, Шөңке егіс алқабында болып, тары егуге жерін дайындап жатқан «Ақжол-М» шаруа қожалығының жұмысымен танысты.

Биылғы жоспарланған егіс құрылымында қуаңшылыққа төзімді дөңді дақыл тары 2000 гектарға, оның ішінде 20 гектарға суармалы тары, 100 гектарға майлы дақыл (мақсары), 100 гектарға картоп, 105 гектарға көкөніс, 50 гектарға бақша және 3 га алқапқа алма көшетін отырғызу жоспарланып отыр.

Аудан бойынша өткен жылы ағымдағы жылдың егістігіне дайындалған жер көлемі Қараой а/о «Қараой» ш/қ 500 га, «Барыс» ш/қ 50 га, Жақып ш/қ 50 га барлығы 600 га ал-

қап өңделді, бұл дегеніміз биылғы егіс құрылымының 30 пайызы., қосымша бүгінгі күнге 40 га жер жыртылып, 200 га алқапқа ылғал жабылды, көктемгі далалық жұмыстарын Жақып, Барыс, Жиенбек, шаруашылықтары бастап жүргізуде. Көктемгі далалық жұмыстары жалғасуда, дән себу мезгілінде басталатын болады.

Қазіргі таңда шаруашылықтар ағымдағы жылдың егістігіне қажетті тұқымымен қамтылған. Аудан бойынша көктемгі далалық егіс жұмыстарына қажетті 30 тонна дизель отынына «Батыс- Жер» ЖШС-не сұраныс берілді. Бүгінгі таңда 20 тонна дизель отынына шаруашылықтар келісім шартқа отырып, тасымалдап жатыр. Көктемгі далалық жұмыстарға қатынасатын тракторлар мен ауылшаруашылық техникалардың аусымдық нормаларын есептей келе аудан бойынша ылғал жабу жұмыстарына 8 күн, тұқым себугі күнге шаққанда дөңді дақылдар егістігін 15 күн қысқа мерзімде аяқтауға мүмкіндік бар деп есептейміз. Көктемгі далалық жұмыстарды ауа райының қолайлы мезгілдерін тиімді пайдаланып егіс себу науқанын ауданның климаттық жағдайына байланысты, агротехникалық шараларды мезгілінде жүргізе отырып, қысқа мерзімде егіс себу науқанын аяқтауды көздеп отыр.

ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ РЕЖИМІ СӘУІРДІҢ СОҒЫНА ДЕЙІН ҰЗАРТЫЛДЫ

Олар жеке қорғаныс құралдары мен толық қамтамасыз етілуі тиіс.

Сондай-ақ, дем алатын және уақытша тұратын жерлерін де мұқият ойластырған жөн.

Это также касается полицейских, военнослужащих, сотрудников государственных органов «первой линии». Следует побеспокоиться и о безопасности волонтеров, которые выполняют полезную работу.

Наша работа по выявлению очагов заражения вирусом абсолютно прозрачна, мы ничего не скрываем, в оперативном режиме публикуем все данные, тесно взаимодействуем с международными организациями.

В предстоящий период необходимо существенно расширить масштаб тестирования, чтобы иметь полное представление о последствиях распространения коронавируса.

Лучше горькая правда, чем сладкая ложь. Это нужно, в первую очередь, для здоровья наших граждан. Коронавирус, хоть и тяжелая болезнь, против которой нет пока универсального лекарства, но эта болезнь вполне излечима при своевременной диагностике и при помощи существующих медицинских препаратов. Минздрав обязан свести человеческие потери к минимуму.

По окончании острого периода нам предстоит предметно проанализировать все вопросы системы здравоохранения, пересмотреть приоритетность задач, чтобы обеспечить готовность к будущим вызовам.

Думаю, все герои антивирусной битвы – медики, полицейские, военнослужащие, волонтеры достойны отдельного монумента в нашей стране.

Следующий вопрос. Большая работа ведется по поддержке граждан, оставшимся без дохода. Им назначена социальная выплата в размере 42 500 тенге на период ЧП.

За выплатами соцпособия уже обратилось 1,7 миллиона граждан, абсолютное большинство из них в электронном виде.

То же время приходится констатировать недостаточную готовность механизма предоставления социальной помощи. Оперативные решения ведомства начали принимать «на ходу» после моего персонального вмешательства.

Разъяснительная работа со стороны центральных и местных государственных органов также показала свою недостаточную эффективность.

Это повлекло за собой разночтение, недопонимание среди граждан, неразбериху на местах. Подвергая себя риску, людям приходилось стоять в очередях в банках для открытия счета или оплаты ЕСП (единого социального платежа).

Поэтому Правительству в срочном порядке следует разработать пошаговый механизм и тиражировать его во всех СМИ и социальных сетях, чтобы каждый гражданин, не выходя из дома, мог получить помощь от государства.

Вопрос получения платежных карт является одним из самых острых.

Неготовой оказалась не только техническая инфраструктура, но и нормативная среда, бизнес-процессы госорганов. Под различными предлогами упрощенный выпуск карт затягивается.

А ведь это реальный шанс внедрить безналочный расчет, снизить объем теневых платежей!

Поручаю в трехдневный срок решить вопрос дистанционного получения платежных карт.

Хочу подчеркнуть следующее. Граждане должны понимать, что помощь предоставляется лицам, действительно испытывающим финансовые затруднения в связи с введением чрезвычайного положения.

Поэтому следует пресекать необоснованное получение данной поддержки лицами с достаточным уровнем доходов. Аферистов, непорядочных людей нужно ставить на место, подвергать общественному порицанию.

Далее.

С переходом граждан в каран-

тинный режим и внедрением дистанционного обучения в школах и университетах интернет-система не выдержала испытания на прочность, так называемого стресс-теста.

Выявились серьезные системные недостатки. Министерство образования вынуждено перейти на уроки по телевидению, разрекламированная система E-Learning, как шутят остряки, «крякнудась». В E-gov также наблюдались перебои.

В поствирусный период нам следует извлечь уроки из этих ситуаций, подготовить анализ просчетов, злоупотреблений. Но главное – подготовить план вывода IT-сферы на качественно новый уровень, чтобы в реальности иметь цифровое государство. Следующий год должен пройти под знаком эффективной цифровизации нашего государства.

С учетом нового опыта Госпрограммы «Цифровой Казахстан» следует пересмотреть, естественно, без дополнительных финансовых затрат.

Нам предстоит осуществить радикальную реформу здравоохранения, образования и науки. Кризис, как я уже говорил, тем и хорош, что обнажает все недостатки, несет в себе огромные возможности. Мы должны воспользоваться ими.

Работу по разработке реформ надо начать уже сейчас.

На сегодняшний день более трети (порядка 37 %) населения страны живет в полностью изолированных городах, поэтому одним из главных вопросов остается стабильное обеспечение их продовольствием, в особенности граждан из социально уязвимых слоев населения.

Я поручаю держать данный вопрос на постоянном контроле как Правительству, так и акиматам.

Три дня назад я посетил транспортно-логистический центр столицы. Правительство контролирует вопрос продовольственного обеспечения по стране.

Продуктов у нас, безусловно, хватает, теперь следует обеспечить доступность цен и правильную логистику, чтобы не создавать ажиотажа.

Правительство установило предельные цены на 9 наименований социально значимых продовольственных товаров.

В то же время механизм регулирования требует доработки. Министерству торговли и интеграции совместно с акимами поручается оптимизировать механизм регулирования цен по всей цепочке ценообразования.

Я поручал принять комплексное решение по снижению коммунальных платежей для населения карантинных городов. Насколько я знаю, такого решения пока не найдено.

Следует ускорить принятие соответствующих мер с упором на социально незащищенные слои населения.

Для поддержки занятости населения была принята программа «Дорожная карта занятости» (далее – ДКЗ), в рамках которой в пост-вирусный период будет создано около 240 тысяч рабочих мест.

На ее реализацию выделяются беспрецедентные суммы (до 1 трлн тенге). Критически важно, чтобы выделяемые средства не ушли в песок, как это бывало много раз.

Поэтому Правительство и акимы обязаны привлекать казахстанские кадры, отечественные строительные компании и производителей строительных материалов.

Вместе с тем, полученный мной анализ показывает, что преобладающая часть запланированных рабочих мест временные (до 95 %). Постоянным трудоустройством после завершения программы будут обеспечены лишь 13 тысяч человек.

В ряде регионов по итогам программы планируется создание мизерного количества постоянных рабочих мест.

Следует обеспечить баланс между двумя видами занятости. Временное трудоустройство в условиях кризиса, конечно, важно, но следует подумать о перспективах более широкой и качественной занятости.

Одним из условий ДКЗ является

закуп товаров, работ и услуг у отечественных производителей в объеме не менее 90%.

Необходимо отметить, что по базовым материалам отечественное производство покрывает потребность внутреннего рынка. Это такие товары, как цемент, товарный бетон, гипс, строительные растворы, гипсокартон.

У нас действуют 12 цементных, 27 кирпичных заводов, 3 производителя арматуры, 5 производителей красок, 10 производителей сухих строительных смесей, 1 завод керамических изделий. В каждом регионе имеются производители товарного бетона и изделий из бетона.

Не менее важным является вопрос ценообразования строительных материалов. Данная статья затрат в строительных проектах составляет более 60 %.

Отсутствие должного контроля стоимости базовых материалов повлечет за собой спекуляцию и неэффективное использование бюджетных средств.

Госкомиссия совместно с акимами должна решить вопросы безопасности проведения работ в рамках ДКЗ.

Места проживания, приготовления и приема пищи, санитарные узлы и так далее должны соответствовать санитарно-эпидемиологическим нормам и регулярно проходить санитарную обработку.

И государство, и бизнес не должны экономить на здоровье граждан.

Выделяемые средства и реализуемые проекты будут под жестким контролем специальной группы. Администрации Президента поручаю определить состав и порядок работы данной группы. Что касается поддержки отечественного бизнеса.

В дополнение к мерам поддержки малого и среднего бизнеса следует взять на контроль деятельность крупных предприятий в условиях снижения внешнего спроса на их продукцию. Эта работа, как мне доложили, уже ведется.

У крупных предприятий «большой запас прочности». Они являются неотъемлемой, важной частью нашей экономической системы и поэтому могут сами выступить в роли стабилизатора экономики через поддержание занятости и заказы МСБ.

Вместе с тем, в случае значительного ухудшения ситуации мы можем рассмотреть возможность оказания точечной государственной поддержки.

Следующий вопрос – стабильность финансового сектора. Это важная задача. Ведь проблемы финансовой системы, в свою очередь, могут негативно отразиться и на реальном секторе экономики, и на сбережениях граждан.

Национальному банку и Агентству по финансовому развитию поручается подготовить комплекс предложений по сохранению стабильности финансовой системы страны.

Следующее. В этот весенний период пристального внимания требуют вопросы сельского хозяйства.

На юге страны уже ведутся посевные работы (выполнены на 30%). В других регионах посевная работа должна начаться в течение месяца.

Фермеры должны быть обеспечены оборотными средствами на закуп пестицидов и удобрений, качественных семян и ГСМ.

Объемы финансирования весенне-полевых работ увеличены почти в 3 раза до 170 млрд тенге.

В то же время появляются проблемы, которые требуют скорейшего решения.

Следует обеспечить бесперебойный пропуск автомашин поставщиков сельскохозяйственных продовольственных товаров в карантинные города, оперативно выдать пропуска для прохождения через «зеленые» зоны.

Это также касается и фермеров, которые приступают к весенне-полевым работам.

Ранее я говорил о важности межрегиональной координации. Имеются факты, когда автомашины

по несколько часов задерживаются на различных блокпостах между областями.

Прошу Госкомиссию контролировать данную ситуацию.

Есть нарекания к качеству дизельного топлива. Фермеры приводят факты, когда из-за низкого качества топлива выходит из строя дорогостоящая сельхозтехника. В этой связи Министерству энергетики и акимам необходимо взять на контроль обеспечение не только объемов, но и качества ГСМ. По сути, поставка некачественной ГСМ – это прямой ущерб не только экономике, но и национальной безопасности страны.

Комитету национальной безопасности, Службе экономических исследований Минфина следует выявить компании и физические лица, которые поставляют некачественные ГСМ. Это прямое покушение на безопасность страны, подрыв ее экономического потенциала.

Эти и другие подобные действия со стороны саботажников должны фиксироваться правоохранительными органами, потенциальные преступники – привлекаться к ответственности по закону.

Правительству было поручено внедрить инструмент форвардных закупок.

Прошу оперативно утвердить механизм, суммы и источники финансирования.

Важно начать реализацию, апробацию, а в случае успеха – масштабировать.

С целью сдерживания цен и обеспечения продовольственной безопасности Правительством введен запрет на вывоз сельскохозяйственной продукции. Это необходимая мера.

Однако при введении данной нормы не была проведена полная оценка необходимости запрета экспорта отдельных товаров.

Вопросов, связанных с новыми запретами, квотами, у сельхозпроизводителей много.

Минсельхозу следует обеспечить обобщение и быстрое реагирование на них. Нужен единый колл-центр. Средства на поддержку весенне-полевых работ следует вовремя довести до адресатов.

Келесі мәселелер. Су тасқыны кезеңін тұрақты бақылауда ұстаған жөн.

Әсіресе, Ақмола, Шығыс Қазақстан, Қостанай, Солтүстік Қазақстан облыстарында осындай қауіп бар.

Әкімдер тиісті министрліктермен бірлесіп, ұдайы мониторинг жүргізуді және жедел әрекет етуді ұйымдастыруы тиіс.

Жесткие карантинные меры дали свой результат. Ежедневный прирост заболеваемости в столице и Алматы стабилизировался.

В то же время ситуация с социальным благополучием казахстанцев, экономической ситуацией в целом продолжает оставаться непростой, сложной. 15 апреля истекает срок моего Указа о введении чрезвычайного положения. Уже сейчас понятно, что режим чрезвычайного положения придется продлить как минимум до конца апреля.

Мы еще не прошли пик заболеваемости коронавирусом. Ситуацию с эпидемией упрощать нельзя.

По этой причине поручаю продлить карантинный режим в столице, Алматы, Шымкенте и в соответствующих областях до конца апреля.

Понимаю, что это непопулярное решение, поскольку люди хотят выйти на улицы, восстановить нормальный, привычный распорядок жизни. Но другого выхода нет, кроме соблюдения карантина, самоизоляции. Это рекомендации отечественных и международных специалистов-вирусологов.

В противном случае мы «опрокинем» ситуацию, эпидемия станет тотальной, под угрозу встанет здоровье всей нации, а вместе с этим национальная безопасность. Тогда интересы МСБ и даже всей экономики утратят свое значение.

В то же время Правительству в тесной координации с акимами предстоит провести адресную, точечную работу по выводу малого и среднего

бизнеса из застоя в зону постепенного оживления, прежде всего, в двух крупнейших городах страны. Соответствующие предложения уже прозвучали. Их нужно учесть. Да, жизнь нужно оживлять. Но перед нами двуединая задача – соблюсти карантин во имя здоровья наших граждан, а также точно и адресно выводить предприятия на режим работы.

Акиматы должны подготовить списки предприятий, которые могут обеспечить жесткий санитарно-эпидемиологический режим, социальное дистанцирование на рабочих местах.

Антикризисные штабы регионов обеспечат проверку таких рабочих мест.

Штабы будут определять режим работы предприятий, порядок доставки работников на рабочие места и другие организационно-технические вопросы.

На основании этого Государственная комиссия сможет принимать решения о возобновлении деятельности соответствующих предприятий.

В этих условиях ответственность руководителей регионов и городов центрального подчинения возрастает многократно. Поскольку надо прямо сказать: мы рискуем. Но другого выхода нет. Соблюдение жесткого карантина для граждан, что касается дистанционного обучения студентов, учащихся школ, детских садов – все это остается в силе. Дезинфекцию общественных мест нужно проводить. Но предприятия точно будем выводить на рабочий режим.

При этом вновь подчеркиваю: здоровье наших граждан – это абсолютный приоритет. В нашей общей работе необходимо исходить именно из этого.

Забегание вперед, шапкозакидательство чреваты рецидивом эпидемии с тяжелейшими последствиями для будущей страны.

Сейчас, как никогда, требуется слаженная работа внутри Правительства, а также взаимодействие Правительства с акимами.

Я требую от исполнительной власти вдумчивости при разработке и принятии решений, абсолютной исполнительности при выполнении моих поручений.

Правительство во главе с Премьер-министром, акимы напряженно работают. Темпы работы снижать нельзя и, тем более, довольствоваться первыми положительными результатами.

Пользуясь случаем, хочу поблагодарить наших граждан за понимание, терпение и стойкость.

Отдельное спасибо адресуется деятелям культуры. Словом и делом они помогают казахстанцам. С удовольствием наблюдаю за ходом общенационального проекта «Звезда на карантине». Оригинальное и полезное начинание.

В целом, кризисная ситуация, а также наш оперативный ответ на нее выявили необходимость усовершенствования деятельности ведомств, а также усиления координации между Центром и регионами.

Нам следует обратить внимание и на проблемы коммуникаций, обратной связи между властными структурами и гражданами страны. Это лишь один из уроков кризиса. Таких уроков немало.

Тіпті, ең дамыған елдер де өздерінің олық тұстары мен кемшіліктерін көріп, қорытынды жасап жатыр десем артық емес.

Өйткені, пандемияға ешкім де дайын болған жоқ.

Бұрын-соңды болмаған ауыр дағдарыстан біздің халқымыз ширап, жаңа кезеңге бейімделіп шығатынына сенімдімін. Қазақстан міндетті түрде осы қиындықты еңсеріп, тұрақты және сапалы өркендеу жолына түседі.

Жалпы, дағдарыс бұл еліміздің келешегі мен оның алдағы дамуы туралы терең ойлануға мүмкіндік береді. Сондықтан, бәріміз бір ел болып белсенді жұмыс жүргізуіміз керек.

Баршаңызға рақмет.

«РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ»

ЖАҢАДАНУ КЕЗЕҢІНДЕ ҚАЗАҚТЫҢ БАҒДАРШАМЫ БОЛАДЫ

Қашанда халықтың көкейіндегі ойды деп басатын Елбасы Тұңғыш Президентіміз Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» және «Ұлы даланың жеті қыры» мақалалары уақыттың тынысымен үндесіп, келешекте ұлттың ұстыны болуға кепіл туынды. Яғни, ұлттық құндылықтарымыздың ұлағатын алып, жаңғырта отырып, ұлықтау арқылы жаңа ұрпақтың «Мәңгілік елдің» ұланы болуына жол ашады.

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы сол уақыттың маңызды оқиғаларының бірі болғанына ғалымдарды айтпағанда, қарапайым жұртшылықтың қызу қолдауы кув. Салтын сақтап, дәстүрін дәріптеп, ырымы мен тиымын ырыстың бастауы деп білетін Ойыл ауданының

ларының бірі - Алматы шаһарынан белгілі кино және театр актері, «Жау жүрек мың бала» фильмінде басты рөлді сомдаған Асылхан Төлепов келіп, жерлестерімен жүздесуі болса, қоян-қолтық ұрыстан өлем чемпионы болған Ұлан Мұқашевпен кездесу де атаулы жылдың аясында жастар үшін есте қалса керек.

Ойыл аудандық орталықтан-дырылған кітапханалар жүйесіне қарасты Көптоғай ауылдық модельді кітапханасында ашылған «Coworking» орталығы халықтың барлық тобына уақыттың игілігі - жаңа технологияларды пайдалануға мүмкіндік тудырып отыр.

«Ұлттық домбыра күні» аудан өкімі Асқар Қазыбаев сол күні дүниеге келген Нұрқанат атты перзентке домбыра сыйласа, «Ақ өже» ансамблінің әжелері жас босанған аналар-

ұйымдастыруымен Қайыңды ауылдық округінің солтүстік аумағында орналасқан «Бегалы жорығы» атауы бар тарихи орынға ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізілді. Ғылыми-зерттеу жұмыстарына өлкелік тарихты тану мақсатымен Саға мектеп-балабақшасының оқушылары да қатынасты. Бұл өз кезегінде оқушыларға берілген үлкен мүмкіндіктер, себебі оқушыларымыз өлкені білу арқылы Отанды құрметтеуді, өлке тарихын қастерлеуді үйренеді.

Тарихта «Ащысай қырғыны» деген атпен қалған қанды оқиғаға өткен жылы 100 жыл толды. Сондықтан, тарихи мекенге аудан жастарының қатысуымен «Аумалы-төкпелі заманының қасіреті болған Ащысай қырғыны» атты экскурсия ұйымдастырылды. Ащысай оқиғасы туралы тың мәліметтер естіген жастардың оның тарихын зерттеуге ұмтылуы Елбасы мақаласының мақсатымен ұштасып отыр.

Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейінің археологтары бастаған қазба жұмыстар Құмсай (Қырыққоба) қорымында маусым айының басында бастау алған болатын. Қазба жұмыстарға зерттеуші ғалымдар, жоғары курс студенттері және тәжірибеден өтетін 53 бірінші курс студенті қатысты. Солармен бірге, сабақ барысында алған білімдерін тәжірибеде қолдану үшін Ойылдың жас археологтары, Ш. Бекмұхамбетова атындағы мектеп-гимназиясының 6 және 7 класс оқушылары Ерасыл мен Жасұлтан белсенділік танытып, қорғандық қазуды жүзеге асырды. Құмсайда орналасқан 168 қорғанның үшеуі қазылып, қазіргі таңда аяқталу сатысында тұр. Тәжірибе барысында Ерасыл мен Жасұлтан қорғанды сипаттауды, өдістемелік қазуды, кездескен жәдігерлердің кезеңін анықтауды үйреніп, білімділіктерін одан әрі жетілдірді. Қорғандық үйіндісі бар шұңқырлардан ерте қола дәуірі өкілдеріне жататын адамдардың қаңқалары кездесіп жатыр. Бұндай болжам жасауға негіз-адамдардың жерлену ерекшеліктері. Жас археологтарымызға қазбалық, өдістемелік көмекті ғалымдар және жоғары курс студенттері көрсетті. Құмсайдағы ескерткіштер Батыс Қазақстандағы алғашқы қорғандық жерлеу болып табылады, жерлеу кезеңі кейбір қорғандарда, Батыс Қазақстанда, соның ішінде Ойыл ауданында 4290 жыл бұрын басталған. Ойыл территориясында өмір сүрген ерте қола дәуірінің өкілдері Батыс Қазақстанда алғаш болып көшпелі мал шаруашылығымен айналысқан. Туған өлкесінде кездесетін тарихи маңызы бар ескерткіштің зерттелуіне жас археологтарымыз үлес қосып, білім азығын тәжірибе барысында жетілдіре білді. Осы жоба аясындағы тағы бір ғылыми-зерттеу жұмыстары Ойыл ауылынан оңтүстік-батысқа қарай 30-40 шақырым қашықтықта орналасқан «Баржұқ» құмына жүргізілді. Экспедиция құрамында өлкетанушылар клубының мүшелері, «Жас археолог» үйірмесінің оқушылары қатынасып, ғылым-зерттеушілік дағдыларын дамытты. Нәтижесінде өлкеміздің тағы бір белгісіз табиғи ескерткішіміз туралы дерек қоры жинақталды.

«Жаһандағы заманауи Қазақстандық мәдениет» арнайы жобасы бойынша Саралжын ауылдық округінде Қазақстан Ғылым Академиясының корреспондент мүшесі, филология ғылымдарының докторы Ә.Дербісәлиніннің туғанына 90 жыл толуына орай ұйымдастырылған ғылыми конференцияға Алматыдан арнайы келген ғалымның ұрпақтары ауыл мектебінде жасақталған музейді құнды жәдігерлермен толықтырды.

«Ауыл - ел бесігі» Бұл жобаның атының өзі мақсатын айтып тұр. Қазақы ауыл ұлттың бесігі. «Ауыл қамқоршысы!» өлеуметтік жобасы бойынша ауданымыздың бірқатар елді мекендерінде жүзеге асырылған игі істердің құны 64,0 млн теңгені құрады. Мәселен, Саралжын ауылдық округі, Ақкемер ауылына «Ербазы» ШҚ-ның төрағасы демеушілігімен құны 15000,00 млн теңге жасанды су қоймасын салынса, осы округтің Бестамақ ауылына жеке кәсіпкер Мереке Өтесінұлы 300,00 мың теңге көлемінде ауыл кіре берісіне тал көшеттерін отырғызып, қоршау үшін қаражат бөлді. Ал, өмір бойы көктемгі су тасқынынан жапа шегіп, кенірдің жоқтығынан қиналып жүрген Көптоғай ауылдық округінің Қарасу елді мекенге «Идеят» ШҚ төрағасы құны 15000,00 млн теңге болатын тас көпір салып беріп, ауылдастарын «азаптан құтқарып», алғысқа бөленді. Жақсылықтар Ойыл ауылдық округінің Ақшатау елді мекенінде де жалғасын тауып, жеке кәсіпкер Төлеу Сапаров құны 20000,00 млн теңге болатын ауылдық клубты салу үшін демеушілік жасап, қазіргі таңда ауылдық клубтың құрылысы басталып кетті. Бұл жоба тек қаржылы кәсіпкерлердің қолдауына ғана сүйенген жоқ. Басқалай да мүмкіндігі бар түлектер де шама-шарқы келгенше қолұш-

мен бұлттарысын, қилы кезеңдері мен тағдырлы шешімдерін, ақтаңдақ беттері мен дара тұлғаларының қайраткерлік өнегесін біліп өскен ұрпақ қана өзіне тиесілі замана жүгін дйттеген межесіне абыроймен жеткізе алады» деген сөзі бар. Елбасы өз сөзінде айтқандай, «мемлекет пен ұлт қатып қалған дүние емес, үнемі дамып отыратын тірі ағза секілді». Сондықтан өзіміздің ұлттық-мәдени құндылықтарымызды заман ағымына сәйкес бейімдеу қажет. Бүгінде мемлекеттік маңызға ие үлкен бағдарламаға айналған «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы аясында бірқатар тарихи танымдық кітаптар жарыққа шығуы - қадірін білетін ұрпақ үшін өрқашанда қастерлі. Осы орайда «Ойыл. История в архивных документах» атты тарихты термелеген кітаптың жарық көруі де Елбасы мақаласының мақсатымен астасып отыр. Тарихтан сыр тартқан кітаптың негізгі мақсаты - қалың оқырманға Ойыл жерінің байлығын, хронологиясын және халықтың табындылығы мен қайраттылығын кейінгі буынға паш ету. «Туған жер» деген ұғымды қастерлеген аталардың ерлігі бейбітшілік пен бірлікті ту еткен Қазақ даласының бір бөлшегі - Ойылдың қатпарлы тарихының қорына қосылып отырған туынды өзінің бұрын естімеген тың деректерімен құнды.

Елбасының бағдарламалық мақаласында алға қойылған мақсаттар мен міндеттер негізінде осы үш жылдың ішінде ауданда ірі жобалар мен бастамалар легі талай белестерді еңсеріп, қыруар тірліктердің тамырына қан жүгіртті. Өскелең ұрпақтың бойында отаншылдық, туған жерге деген құрмет сынды құндылықтарды сіңіре білді.

Уақыт бір орында тұрмайды, заман алға жылжиды. Уақыт өрісіндегі заман болмысының ерекшелік-



жұртшылығы арасында үлкен қызығушылық туғызып, қолдауға ие болғаны сонша өртүрлі басқосуларда тарихымыз бен қазіргі төуелсіз елдің болашағы талқының тақырыбына айналғанынан-ақ рухани жаңғырудың маңыздылығына көз жеткіздік. Бұл шын мәнінде, ұлттық деңгейдегі ауқымды жоба. Ол қоғам тіршілігінің барлық саласын қамтитындығымен бірегей. Оны қазіргі кезеңдегі және ұзақ мерзімді перспективадағы қазақстандық қоғам дамуының өзіндік идеологиялық платформасы десе де болады.

Бағдарламаны халық арасында кеңінен насихаттау үшін Ойыл ауданы өкімдігі жанынан құрылған ақпараттық топ барлық ауылдық округтерге түсіндіру жұмыстарын жүргізді. «Рухани жаңғыру» бағдарламасындағы 12 арнайы жобасы бойынша іс-шаралар жасақталды. Мәселен, «Туған жер» арнайы жобасы бойынша «Бақытты бала», «Туған жерге тағзым», «Жерлестер форумы» жыл бойы жүргізілді.

«Бақытты бала» өлеуметтік жобасы аясында аудан орталығындағы Ойыл қазақ орта мектебінде ІТ класс қаңтар айында ашылса, «Туған жерге тағзым» акциясы аясында ауданымызда қаражат көлемі 135932,4 мың теңге болатын 107 жоба жүзеге асырылды. Бұл мақаладағы мақсаттарды жүзеге асыруға жырақтағы жерлестер зор үлес қосты. Әсіресе, Саралжын, Қараой ауылдық округтерінде өткізілген «Жерлестер» форумы ауыл түлектерінің туған өлкелеріне тартуы мен қоса, тағылымды шаралармен ұштасты.

«Жастар жылының» басты шара-

ға ақ орнамал тақты. Сонымен қатар, аудандық мәдениет үйінің өнерпаздары Боранбай Ешпанов пен Алтынбек Шотов аудандық перзентхана үшін баланың іңғалаған дауысынан бөлек күмбірлі домбыра үнімен жаңғыртып, дәстүрге айналдыруға тұрарлық жаңа бастамаға мұрындық болды.

Елбасы еңбегінде қазақ қоғамының мәдени, рухани құндылықтары жайында көп ойлар айтылған. Туған жердің топырағы-киелі, қасиетті. Ол бірнеше ғасырдан бері ата-бабаның қан-терімен тұздықталған. Сол туған жердің топырағында бүгінгі ұрпақтың да ризығы жатыр. Сондықтан атамекенді аялау-ұрпақ алдындағы парызымыз. Қоғамның ілгеріленуіне қолғабыс берген әрбір азамат құрметке лайық. Елімізде көптеген азаматтар мен азаматшалар өзі туып өскен, кіндік қаны тамған жерге аянбай тер төгіп жатқанын аңғарамыз. Сондай азаматтар біздің ауданымызда көптеп кездеседі. Ойыл аудандық мәдениет үйінде «Туған жер, еш нәрсе жоқ сеннен ыстық. Өйткені сенде туып, сенде өстік» атты жерлестермен кездесу кешінің соңында бірнеше азаматты «Туған жерге тағзым» акциясы аясында ауданға жасаған еңбектері үшін «Жомарт жүрек» номинациясымен марапаттауы да жастар үшін осы бағдарламаның аясында өткен тағылымды шаралардың бірі.

Бағдарламаның «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» атты жобасының біздің аудан үшін маңызы зор.

Ауданымыздың тарихи жер атаулары мен өткен тарихи оқиғаларын білу мақсатында аудандық музейдің



тарын созды.

Мәселен, Ақтөбе медицина орталығының балалар хирургі Болат Медетбаев өзінің демалыс уақытында Ойылға келіп 7 балаға жоспарлы ота жасаса, Ақтөбе облыстық балалар ауруханасының бас хирургі Ерлан Сұлтангереев екі адамға тегін ота жасап, кеселден арылуына көмек берді.

Тағылымды тарихты еске ала отыру, ұлықтау - есер елдің белгісі. Тұңғыш Президент - Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Мемлекет тарихын, даңқты бабалары жүріп өткен жолдың бұралаңы

тері мен белгілері ұрпаққа жүктелетін міндетіне төуелді. Өз дәуірінің ел болашағымен біріктіретін міндетін дұрыс орындай білген ұрпақ қана мемлекетінің мүддесін сақтап, өзінен кейінгі буынға табыстап кетеді. Аға ұрпақтың кейінгі буынға беретін дүниелері ұлттық құндылықтар. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласының міндеті мен мақсаты да осы.

Н. АТАҒАЛИЕВ,
аудандық ішкі саясат,
мәдениет және тілдерді дамыту
бөлімінің басшысы.



Газет Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және Даму
министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру
және Ақпарат комитетінде
2016 жылдың 21 қаңтарында
тіркеліп,
№15790-Г куәлігі берілген.

Меншік иесі: «Ойыл газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Директоры-Редактор Серікбай Қойбағаров
Мекен-жайы: 030900, Ойыл селосы, Көкжар көшесі №69 үй, 3 қабат
Байланыс телефоны: 8-(71332)-2-11-07.
Газетте жарияланған мақала авторының пікірімен редакцияның
көзқарасы қабыспайды. Суреттің сапасына редакция жауапты.

Газет аптасына бір рет шығады.
Таралымы 1654 дана. Тапсырыс №447
Көлемі 1 баспа табақ, индексі 65525

«Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспаханасында
басылды. Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2.

Басылу сапасы жөнінде 400-400 телефонына
хабарласуға болады.

АУДАНДА АЗЫҚ-ТҮЛІК ҚОРЫ ЖЕТКІЛІКТІ, БАҒА ТҰРАҚТЫ

ЖУЫРДА ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТАРЫНАН ҚҰРЫЛҒАН АРНАЙЫ МОНИТОРИНГТІК ТОП «NUR OTAN» ПАРТИЯСЫ ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ ФИЛИАЛЫМЕН БІРЛЕСІП КОРОНОВИРУС ПАНДЕМИЯСЫНА ҚАТЫСТЫ ӨҢІРДЕГІ ҚАЛЫПТАСҚАН ЕРЕКШЕ ЖАҒДАЙҒА БАЙЛАНЫСТЫ ӘЛЕУМЕТТІК МАҢЫЗЫ БАР АЗЫҚ-ТҮЛІК ТАУАРЛАРЫНА ШЕКТІ БӨЛШЕК БАҒАЛАРДЫҒЫ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫН БАҚЫЛАУ МАҚСАТЫНДА САУДА ОРЫНДАРЫН АРАЛАДЫ.



Аудан тұрғындарын азық - түлікпен қамтамасыз ететін кәсіпкерлермен кездесіп, олардың ұсыныс - пікірлерін тыңдады. Қазіргі жағдайды түсініктімен қарап, елге жеңілдік жасап жатқан сауда иелеріне түсінік жұмыстарын жүргізіп, депутаттар тарапынан жан-жақты қолдау көрсететіндігін айтты.

Мәселен, осындай кәсіпкерлердің бірі Құлжамал Әліп аудан орталығынан шалғай жатқан елді мекен-дерге қажетті азық - түлікті жеткізіп беріп отырса, жаңадан ашылған «Сара» дүкені өр жұма сайын тегін ыстық нан үлестіріп отыр.

Сондай-ақ, мониторингтік топ аудан тұрғындарын жергілікті балғын көкөніс өнімдерімен қамтамасыз ететін жылыжай кешеніне бас сұғып, ондағы өсіріліп жатқан көкөніс түрлері мен халыққа ұсынып отырған бағасына назар аударды.

42500 теңге: енді өтінім статусын тексеруге болады

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің цифрландыру кеңсесі 42 500 теңгені алуға жіберілген өтінім статусын тексеріп беретін қызметті іске қосты. «Біз әлеуметтік желілерге әрдайым мониторинг жүргізіп отырамыз. Адамдардың біразы «Мен бірнеше күн бұрын өтінім беріп қойғанмын. Әйтсе де өлі күнге дейін өтінімім мақұлданды ма, жоқ па білмеймін» - дейді. Сол себепті Біржан Нұрымбетовтің тапсырмасымен Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің цифрландыру кеңсесі 42 500 теңгені алу құқығыңыз бар-жоғын тексеріп беретін қызметті іске қосты. Сервис бойынша біз Президент Әкімшілігі жанындағы IT-штабпен, IT мамандарымен, ұжыммен қауырт жұмыс жүргіздік. Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Асқар Жұмағалиевке де алғысымызды айтамыз», — деді Нариман Мұқышев. Әлеуметтік төлем алуға өтінім берген болсаңыз, статусыңызды тексеріп көруіңізге болады. Әуелі 42500.enbek.kz сілтемесіне өту керек. Сосын «Өтінім статусын тексеру» батырмасына басасыз. Онда ЖСН мен жеке куәліктің нөмірін енгізісіз. Одан кейін «Мен робот емеспін» батырмасын басасыз да, тексеруге жібересіз. Өтініміңіздің қабылданғанын не қабылданбағанын біле аласыз. Бір ұлы телефон немесе компьютерден бір сағаттың ішінде 3 өтінімнің мәртебесін тексеруге мүмкіндік бар.

ҚазАқпарат.

ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕККЕ МҰҚТАЖ АЗАМАТТАР ТЫС ҚАЛМАЙДЫ

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 25 наурыз 2020 жылғы №109 бұйрығына сәйкес халықтың жекелеген санаттарын азық – түлік және тұрмыстық жиынтығымен қамтамасыз ету бойынша республикалық бюджеттен атаулы әлеуметтік көмек алушы 162 отбасының 6 жастан 18 жасқа дейінгі 458 балаларына азық түлік және тұрмыстық жиынтықпен қамтамасыз ету бойынша 5647 теңгеден 2586,3 мың теңге көлемінде төленді. Сонымен қатар, аталған бұйрыққа өзгеріс енгізу туралы 1 сәуір 2020 жылғы №118 бұйрыққа сәйкес төтенше жағдай кезінде азық – түлік және тұрмыстық жиынтықпен қамтамасыз ету бойынша атаулы әлеуметтік көмек алушы қатарындағы 6 жастан 18 жасқа дейінгі балаларға, барлық жастағы 1,2,3 топтағы мүгедектерге, он алты жасқа дейінгі мүгедек балаларға, мүгедек баланың күтімімен айналысатын ата-анаға, халықты жұмыспен қамту мәселесі жөніндегі жергілікті органдарда тіркелген жұмыссыздарға төтенше жағдай кезінде 5567 теңгеден көмек көрсетілетін болады.

Облыс әкімінің бастамасымен жергілікті бюджеттен төмендегі санаттар бойынша 20,0 мың теңге көлемінде қаржылай көмек беру қарастырылды. Атап айтқанда:

- бірінші топтағы мүгедектер (әр адамға);
- екінші топтағы мүгедектер (әр адамға);
- үшінші топтағы мүгедектер (әр адамға);
- он алты жасқа дейінгі мүгедек балалар (әр адамға);
- мүгедек баланың күтімімен айналысатын ата – анаға (әр адамға);
- әлеуметтік мәні бар аурулармен ауыратын амбулаториялық ем алушы науқастарға (АИТВ, қатерлі ісікпен ауыратын, туберкулез) әр адамға;
- жалғызбасты қарттарға;
- отбасы табысын жан басына шаққанда әр қайсысына күнкөріс деңгейінен (27666 теңге) кем болған жағдайда аз қамтылған отбасыларына (әр отбасына).



Міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушыларға төтенше жағдай кезінде табысынан айырылғандарға ең төменгі айлық көлемінде (42 500 теңге) көмек көрсету.

Әлеуметтік төлем алуға құқығы бар тұлғалар санаты:

1. Микро, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің қызметкерлері
2. Карантин енгізілген елді мекендердегі ірі кәсіпкерлік субъектілерінің қызметкерлері
3. Жеке кәсіпкерлер
4. Жеке практикамен айналысатын адамдар (нотариус, жеке сот орындаушысы, адвокат, кәсіби медиатор)
5. Бірыңғай жиынтық төлемді төлеушілер
6. Нысаны салық агенттері міндетті зейнетақы жарналарын төлеген жұмыстарды орындау (қызмет көрсету) болып табылатын азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша табыс алатын жеке тұлғалар (бұдан әрі – АҚС шарттар бойынша табыс алатын жеке тұлғалар)

Төтенше жағдайға байланысты табысынан айырылған азаматтар аудан бойынша 1537 адам алады деп күтілуде. Оның ішінде 17 Шағын және орта кәсіпкерліктің қызметкерлері, 480 жеке кәсіпкерлер, 923 өзін-өзі жұмыспен қамтығандар және бірыңғай жиынтық төлем төлеушілер, баласы 1 жасқа толған, бала күтімінде отырған аналар (БЖТ төлем төлеуі қажет) бүгінге бойынша 16 құжат «e-gov» порталы арқылы, «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммер-

циялық емес ұйымы АҚ Ақтөбе облысы бойынша филиалының Ойыл аудандық әлеуметтік қамтамасыз ету бөліміне 48 құжат автоматты түрде, барлығы 65 құжат қабылданып, оның ішінде 89 адамға 3782,5 мың теңге көлемінде төленді. Сонымен қатар «42500.enbek.kz» сайты, Telegram месенджеріне Help42500Bot іске қосылды.

2020 жылғы 1 сәуірдегі мәлімет бойынша 194 отбасына Атаулы әлеуметтік көмек 15,6 млн теңге тағайындалды. Сонымен қатар, аталған отбасылардың 1 жастан 6 жасқа дейінгі балаларына көпіндендірілген әлеуметтік пакет берілді.

Аталған отбасылар II-тоқсан үшін құжат тапсырмайды. «Е-Халық» ақпараттық жүйесінен автоматты түрде табысына қайта есептеу жүргізілу арқылы жалғаса береді. Табысында өзгеріс бар отбасыларға халықты жұмыспен қамту орталығының ассистент мамандары телефон арқылы хабарласып, айтады. Қажет құжаттар сұратқан жағдайда халықты жұмыспен қамту орталығына келмей үйде отырып, электрондық почтамен жіберуге мүмкіндігіңіз бар. Айта кететін жайт, жаңадан құжат тапсыратын отбасылар «E-gov» порталы арқылы өтініш береді.

Төтенше жағдайында көрсетілген көмектер атаулы әлеуметтік көмек алушылардың табысына есептелмейді.

Б.ИМАНҒАЛИЕВ,
Ойыл аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы.



Ойыл селосы,
Көкжар көшесінің тұрғындары
Ардақты әкеміз Әлімжан Молдашевті 56 жасымен
аяулы анамыз Рита Төлеуованы 52 жасымен құттықтаймыз!

Алтын таққа лайықты асыл жандар,
Ұл-қызына ақыл боп шашылғандар.
Қызық көп алда өлі сіздер көрер,
Шаңыраққа ақ таң боп ашылғандар.
Ортамызда отырыңыз қос шынар боп,
Жол сілтейтін алдымызға қос жанар боп.
Ауырмастан 100-ге жетсін жастарыңыз,
Шөпшекке де жетіңіздер қос тұмар боп.
Құттықтаушылары: бала-келіндері,
қыз күйеу балалары, немерелері,
жендері.



Ойыл селосы,
Абай көшесі №1 үйдің тұрғыны Алтай
Еркеназ Жәнісқызын 15 сәуір 1 жас туған
күнімен құттықтаймыз!

Былдырлаған бар тілің,
Бар байлығым сен бүгін, Ата-ежеңді қуанып,
Толдың 1 - ге сен бүгін!

Ізгі тілекпен: ата-әжесі, көкесі Қайсар,
Жеңіс-Гүлбақыт



ХАБАРЛАМА

Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 15 наурыздағы Қазақстан Республикасында төтенше жағдайды енгізу туралы №285 Жарлығы қабылданған болатын. Соған сәйкес бас мемлекеттік санитарлық дәрігердің қаулысымен Ақтөбе облысының және Ақтөбе қаласының аумағында 2020 жылдың 31 наурызынан бастап шектеу шаралары енгізілді.

Төтенше жағдай кезінде сот төрелігіне қолжетімділікті сақтау мақсатында азаматтардың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша IT-технологияларды одан әрі кеңінен қолдану бойынша бірқатар жедел шаралар жүзеге асырылды. Атап айтқанда, істерді қашықтықтан қарауға толық көшу қамтамасыз етіліп, сот мәжілістері IT-технологияларды, яғни бейнеконференцбайланыс, соның ішінде «TrueConf» мобильдік қосымшасы, «WhatsApp» желісі қолданыла отырып қашықтықтан жүргізіліп жатыр. Бұл әрекеттер азаматтардың конституциялық құқықтарын қамтамасыз етуге бағытталған.

Төтенше жағдай кезінде дауласу өзіміздің денсаулығымызбен айналадағы адамдардың денсаулығына қауіп төндіретіндігін ескеру қажет. Сондықтан туындаған даулар бойынша татуласудың жолдарын және мүмкіндіктерін қарастыруға шақырамыз.

Осы кезеңде Ойыл аудандық сотының төрағасының азаматтарды қабылдауы тоқтатылды.

Сонымен қатар қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында құзырлы органдардың тарапынан қабылданған шектеу шараларын дұрыс түсініп, оларды орындауға шақырамыз. Бұл шаралар азаматтардың өмірі мен денсаулығына төнетін қауіп-қатерлерді барынша азайтуға бағытталған. Аталған талаптарды қасақана бұзған жағдайда Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауаптылыққа алып келіп соғатыны түсіндіріледі.

Ойыл аудандық соты

«БЕСҚОНАҚ» - ҚАЗАҚ САПАРҒА ШЫҚПАЙТЫН, МАЛДЫ АЛЫСҚА ЖАЙМАЙТЫН КЕЗ

Сәуірдің ортасына қарай елімізде күн салқындап, жаңбыр, тіпті қар да жауып жатады. Мұны қазақ «бесқонақ» немесе «от амалы» деп атаған. Ежелде қазақ «бесқонақтың» алдында айға қарап көкке шыққан.

Сәуірдің 5,6,7-сі күндері ай тоғысады. Осы үш күндегі ай тоғамына қарап, қазақ алдағы бір жылдың ауа райын болжап отырған. Осы ай тоғысынан кейін «бесқонақ» басталады. Оның басталу уақыты өңірде әр түрлі. Бір аймақта бұл құбылыс 13-23 сәуірде болса, батыс аймақта «бесқонақ» 8-18 сәуір аралығында болады.

Бесқонақ келгенде күн суытып, қыс қайта басталғандай дала борап, жаңбырлатып тіпті қар да жауады. «Бесқонақ» күндері қазақ сапарға шықпаған, малды да алыс жерге жаймаған. Себебі бұл күндері ауа райын болжау қиын.

Қазақ сәуірде жауатын алғашқы жаңбырды жақсылыққа жорыған. Сәуірдегі жауынға қазақтар басын тосып: «Көктемдегі жауын - сауып тұрған сауын» - деп айтқан. Яғни сәуірде жауған жаңбырдың емдік қасиеті бар деп есептеген. Халық сол жаңбырға басын тосса, жыл бойы басы ауырмайды, ауыртпалықтар кетеді деген наным болған.

Баяғыда бес адам жаз шықты деп жеңіл киініп, келесі ауылға қонаққа аттанған. Жолда аяқ астынан қарлы боран соғып, күн суытып кетеді. Сол жолда келе жатқан бес қонақтың бесеуі де адасып мерт болады. Осы оқиғадан кейін бұл күндерді «бесқонақ» деп атап кеткен екен.

Қазір еліміздің басым өңірінде жауып жатқан қарлы жаңбыр, осы «бесқонақтың» келгені...

«Ойыл балалар жасөспірімдер спорт мектебі» КММ-нің ұжымы және бастауыш кәсіподақ ұйымы мектебіміздің зейнеткері Гайсина Жеміс Бейілқызына анасы

Бибіштің
қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып көңіл айтады.